



Көктем мезгілінің
КАРТОТЕКАСЫ

Балдырған ортаңғы аралас кіші тобы 3-4 жас

Серуен №1

1. Бақылау:Күннің көзін бақылау.
Мақсаты:Балалармен ауа райы туралы аңгімелесу.
Сұрақтар қойып күннің көзін бақылау.
2. Қимылды ойын: *«Күн мен жаңбыр»*
Мақсаты:Шапшаңдылыққа ептілікке баулу.
3. Жеке жұмыс.Допты дәлдеп ату.
Мақсаты:Дәлдікке, ептіліке үйрету
4. Еңбек.Ойын алаңдағы қоқыстарды жинау.
Мақсаты:Ойын алаңындағы қоқыстарды жинау арқылы тазалыққа ұқыптылыққа тәрбиелеу.
5. Жұмбақ жасыру.Күн жылынып, қар еріп,
Сай-салаға толады.
Бөбектерім айтыңдаршы,
Бұл қай кезде болады?
Мақсаты:Жұмбақ жасыру арқылы ойлау қабілеттерін дамыту

Серуен №2

1. Бақылау: Бала-бақша ауласының көктем мезгіліндегі өзгешелігін бақылау.

Мақсаты: Өзгешелігін қыспен салыстырып әңгімелесу.

1. Көркем сөз. Бала-бақша базарлы үй,
Көшедегі ажарлы үй.
Шаттығы мол шуақты,
Өз үйіміз сияқты.

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.

1. Еңбек. Бала-бақшадағы телімін сыпыру.
Мақсаты: Тазалыққа тәрбиелеу, еңбекке тәрбиелеу.
2. Жеке жұмыс. 2-3 баламен түстерді бекітуге, пішінді бекітуге тапсырма беру. Мақсаты: Түстерді, пішіндерді айыра білуге үйрету.

3. Ойын: *«Кім тез жетеді?»*
«Аю мен аралар»

Мақсаты: Жылдамдыққа, епті болуға үйрету

Серуен №3

1. Бқылау:Құстардың әндеткенін тыңдау, бақылау.
Мақсаты:Құстардың әнін тыңдап, олар туралы әңгімелеу.
2. Қимылды ойындар: **«Шеңберге дәл түсір»**
«Кім жалаушаға тез жетеді?»
Мақсаты: Дәлдікке, жылдамдыққа үйрету.

1. Көркем сөз: «Ұя»
Ұя жасап тақтайдан
Талға барып байладым
Жыл құсының шаттанған
Күттім қашан сайлауын
Сол ұяны талдағы
Қара торғай мекендеп
Күні бойы сайрады
Жайлы пәтер екен деп.

Мақсаты:Шығармашылықтарын дамыту.

1. Еңбек. Телімдегі су емес бұтақтар мен жапырақтарды жинастыру.
Мақсаты:Тазалыққа баулу.

- 5 Жұмбақ жасыру. Жем бергесін бар кісі,
Бөтегесі кептелді.
Бейбітшілік белгісі,
Кім біледі

(кептерді)

Мақсаты.Ойлау қабілетін дамыту

Серуен №4

1. Бақылау: Көктеректің бүршігіне бақылау жасау.

Мақсаты: Бүршіктен жапырақ шығатынын тсіндіру.

2. Қимылды ойындар: *«Торғайлар мен автомобиль»*

«Мысық пен тышқан»

Мақсаты: Аңғарымпаздылыққа, жылдамдыққа баулу.

1. Жеке жұмыс. Допты алысқа лақтыруға жаттықтыру.

Мақсаты: Алысқа лақтыруға дағдыландыру.

1. Еңбек: Телімді сыпырту .

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

5 Жұмбақ жасыру. Өсіп тұрған бұл не?

Жаз болса жайнап,
Саясында ән салып,
Құстар, жүрген сайрап.

(Ағаш)

Мақсаты: Ойлау қабілетін дамыту.

Серуен №5

1. Бақылау: Құстарға бақылау жасау.

Мақсаты: Олардың түрлерімен жақынырақ таныстыру.

Балалардың аяушылық, қамқорлық сезімін дамыту.

1. Көркем сөз.

Сауысқан – қорқақ құс,

Көкек – мақтаншақ құс.

Бұлбұл - әнші құс,

Көгершін – бейбітшілік құсы.

Мақсаты:Тілдік қорын дамыту.

1. Еңбек: Құстарға жем шашу, нан қиқымын беру.

Мақсаты:Құстарға қамқорлық жасау.

1. Жеке жұмыс: 2 – 3 балаға асфальт үстіне сурет салдыру. (Ұясы, құс т.б)

Мақсаты:Құстың ұясын салып үйрету.

1. Ойындар: *«Көкек»*

«Өз орыңды тап»

«Ұшты – ұшты»

Мақсаты:Аңғарымпаздылыққа, шапшаңдылыққа,дәлдікке үйрету.

Серуен №6

1. Бақылау:Бақбаққа бақылау жасау.
Мақсаты: Бақбақ туралы түсінік беру.
2. Қимылды ойындар: «*Шар*»

Мақсаты:Зейінділікке, тапқырлыққа баулу.

1. Жеке жұмыс. Допты шеңберге түсіруге үйрету.
Мақсаты:Дәлдіке үйрету
1. Еңбек. Ағаштардың түптерін ақтап, жерді қопсыту.
Мақсаты:Табиғатқа қамқорлық жасауға,еңбексүйгіштікке баулу.

5. Көркем сөз: Бақбақ
Бойын күтіп баптап,
Өзін-өзі сақтап,
Апта бойы сәнденеді,
Тап-тұйанақтай бақбақ.
Мақсаты:Тілдік қорын байыту.

Серуен №7

1. Бақылау: Көк шыққан жерлерді бақылау. Қандай жер су? қандай жер құрғақ, неге? Мақсаты: Көк шөп шыққан жерлерге бақылау жасау арқылы көктем мезгіліндегі өзгерістер жайында әңгімелесу.

2. Қимылды ойындар: *«Өз сыңарыңды тап»*
«Ақсерек, көксерек»

Мақсаты: Жылдамдылыққа, дәлдікке баулу.

1. Жеке жұмыс. Бір қолмен допты алысқа лақтыру.

Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту. Допты алысқа лақтыруға дағдылау.

1. Еңбек. Құстарға нан қиқымын мен жем беру.

Мақсаты: Мейірімділікке баулу.

2. Жұмбақ жасыру. Бір түкті кілем,
Бір түксіз кілем.

(Жер, аспан)

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.

Серуен №8

1. Бақылау: Бағдаршамды бақылау.

Мақсаты:Бағдаршамның қай түсі жанғанда жүру керек , қай түсі жанғанда тоқтау керек екенін түсіндіру.

1. Қимылды ойындар: *«Күн мен түн»*

«Өз орныңды тап»

Мақсаты:Зейінділікке, дәлдікке баулу.

1. Жеке жұмыс.Тіл дамыту жаттығуларын қайталату.

Мақсаты:Дыбыстарды анық айтуға дағдыландыру.

1. Еңбек.Сынған ағаш қалдықтарын жинау

Мақсаты:Еңбексүйгіштікке баулу.

1. Көркем сөз. «Бағдаршам»

Ашса кезек үш көзін
Айтты деп ұқ үш сөзін
Тоқта, сақтан, жол ашық!
Жүрме жолға таласып.
Қызыл көзін ашқанда,
Сынық сүйем баспа алға.
Сары көзін ашқанда,
Қарап қалма аспанға!
Жасыл көзін ашқанда,
Өте бергін жасқанба.

Мақсаты:Тілдік қорын байыту.

Серуен №9

1. Бақылау. Ағаштарға бақылау жасау.
Мақсаты: Ағаштағы бүршіктерге көңіл аудару. Бүршіктен жапырақ шығатынын әңгімелеу.

1. Ойындар: «*Ақ серек, көк серек*»

«Қарағайлы ормандағы аю»

Мақсаты: Шапшаңдылыққа, ептілікке баулу.

1. Жеке жұмыс. Жіптің үстімен жүру.

Мақсаты: Ептілікке баулу.

1. Еңбек. Ойын алаңын жинау.

Мақсаты: Тазалыққа баулу.

1. Көркем сөз:

Алтын шуақ төгілді

Гүлдер жапты өңірді.

Жұпар иіс себілді

Көктем күні көңілді. (М.Әлімбаев)

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.

Серуен №10

1. Бақылау. Құстарды бақылау.

Мақсаты: Түрлерін айыра білуге үйрету.

2. Қимылды ойындар: *«Торғайлар мен мысық»*
«Кім жылдам?»

Мақсаты: Жылдамдылыққа баулу.

1. Жеке жұмыс. Кеглидің арасымен жүру. (1-2 баламен)

Мақсаты: Ептілікке баулу.

1. Еңбек. Телімдегі қағаз қалдықтарды жинау.

Мақсаты: Тазалыққа баулу.

1. Көркем сөз. Дала гүлге бөленеді

Қуанышқа кенелді

Орман, торғай, бақтарда

Құстар сайрап жөнелді.

(Қ. Жұмағалиев)

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.

Серуен №11

1. Бақылау: Құстардың әнін тыңдау.

Мақсаты: Көктемнің келгеніне, күннің жылынғанына қуанып ән айтып жатқан құстардың даусын тыңдау.

1. Ойындар: «Торғайлар мен автомобильдер».

Мақсаты: Шапшандылыққа баулу.

1. Жеке жұмыс. «Допты қуып жет»

Мақсаты: Жылдамдылыққа тәрбиелеу.

1. Еңбек. Аула тазалаушыға көмектесу.

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

5. Тақпақ жаттау. Келді көктемім

Гүлдер бүршігін жара

Келді көктемін

Жаңа бір үмітін ала.

Мақсаты: Шығармашылықтарын байыту.

Серуен №12

1. Бақылау: Ауа-райын бақылау.
Мақсаты: Ауа-райындағы өзгерістерді әңгімелеу.
2. Ойындар: «Торғайлар мен автомобильдер».
Мақсаты: Ептілікке баулу.
3. Жеке жұмыс. *«Допты қуып жет»*
Мақсаты: Шапшандылыққа баулу.
4. Еңбек. Аула тазалаушыға көмектесу.
Мақсаты: Тазалыққа баулу.
5. Тақпақ жаттау. Келді көктемім
Гүлдер бүршігін жара
Келді көктемін
Жаңа бір үмітін ала.
Мақсаты: Тілдік қорын байту.

Серуен №13

1. Бақылау. Күн жылынды, қар ереді.
Мақсаты: Көктем келгендегі алғашқы белгілерін қар еріп, күн жылынуы туралы әңгімелесу.
2. Ойындар: *«Мысық пен торғайлар»*.
Мақсаты: Ептілікке баулу.
3. Жеке жұмыс. Кім
4. қай жақтан дыбыстады?
Мақсаты: Аңғарымпаздылыққа баулу.
5. Еңбек. Ойын аланың жинау.
Мақсаты: Тазалыққа баулу.
6. Тақпақ жаттау. Көктем қандай көңілді
Көктем жаңбыр төгілді
Мөлдір аспан ашылып
Күннің көзі көрінді.
Мақсаты: Тілдік қорын байыту.

(Т. Айбергенов)

Серуен №14

1. Бақылау. Көктем мезгіліндегі аспанға бақылау.
Мақсаты:Көктемгі аспанды әңгімелеу. Қыс мезгілімен салыстыру
2. Ойындар: *«Өз орныңды тап».*
«Пішінді жаса».
Мақсаты:Дәлдікке, ептілікке баулу.
3. Жеке жұмыс. Шнурдың үстімен басына қапшықшаны қойып жүру. 10 баламен.
Мақсаты:Ептілікке баулу.
4. Еңбек. Гүл егетін жерлерді қопсыту.
Мақсаты:Еңбексүйгіштікке баулу.
Тақпақ жаттау. Көктемде көңілді,
Құстар кеп жатқанда.
Құлпыртып өңірді
Гүл ектік бақтарға.
Мақсаты:Тілдік қорын байыту.

Серуен №15

1. Бақылау. Судың сылдырын бақылату.
Мақсаты:Көктемде жылғалардан аққан су қайдан пайда болатыны жайлы әңгімелесу. Аққан судың дыбысын тыңдау.
2. Ойындар: *«Допты ұтып алу»*.
Мақсаты:Ептілікке баулу.
3. Жеке жұмыс. Қос аяқпен секіру.
Мақсаты:Қос аяқпен секіруді үйрету.
4. Еңбек. Құстарға жем шашу.
Мақсаты:Мейірімділікке тәрбиелеу.
5. Жұмбақ жасыру. Жымың-жымың қағады,
Сылдыр-сылдыр ағады. (Бұлақ)
Мақсаты:Ойлау қабілетін дамыту.

Серуен №16

1. Бақылау. Бүршіктермен ағаштарды бақылау.
Мақсаты: Бүршіктерден жапырақтар шағатыны туралы әңгімелесу.
2. Қимылды ойындар: *«Арқан тартыс»*.
«Аққу қаздар».
Мақсаты: Ептілікке баулу.
Жеке жұмыс. Кейбір балалармен «Қаңбақ шал» ертігісін әңгімелеу.
Мақсаты: Шығармашылығын байыту.
Еңбек. Гүлзардағы гүлдерге су құю.
Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.
5. Жұмбақ жасыру. Жазда жатсаң көлеңкесіне алады,
Қыста жақсақ жаның рахат табады.

(Ағаш)

Алтын сары кемелер,
Су бетінде қалқиды.

(жапырақ)

Серуен №17

1. Бақылау. Жаңбырдың жауғанын бақылау.

Мақсаты: Жаңбыр қайдан жауып тұрғаны мен жаңбырдан соң жерде не пайда болатыны жайлы әңгімелесу.

1. Қимылды ойындар: *«Телефон»*,

«Орамал тастамақ»

Мақсаты: Дәлдікке, шапшаңдылыққа баулу.

1. Жеке жұмыс. Қайшыны ұстап қиюға үйрету. (1-2 балаға)

Мақсаты: Қайшымен қиюды үйрету.

1. Еңбек. Күтушіге топты жинастыруға көмектесу.

Мақсаты: Тазалыққа тәрбиелеу.

5. Жұмбақ жасыру. Қара таудай бұралар,

Қара бұйра шудалар.

Бура жерге шөгеді,

Бұлау терін төгеді.

(Бұлт пен жаңбыр)

Серуен №18

1. Бақылау. «Жаңбыр әндетеді»

Мақсаты: Балаларды көктемнің көңілді күндерімен таныстыру.

2. Қимылды ойындар: «*Кім қалай айқайлайды?*»

Мақсаты: Дауыстарын жаттықтыру

3. Жеке жұмыс. 2-3 баладан жаңбырдың дыбысын сұрау. «Тук-тук-тук»

Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру.

4. Еңбек. Телімдегі ағаш сынықтарын, қағаз қалдығын, әйнек т.б. заттарды жинау.

Мақсаты: Тазалыққа баулу.

1. Көркем сөз. Көктем күні керемет

Жаңбыр жауар себелеп

Күн ашылса болғаны

Көлбеңдейді көбелек.

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.

Серуен №19

1. Бақылау. «Жаңбыр әндетеді»

Мақсаты: Балаларды көктемнің көңілді күндерімен таныстыру.

2. Қимылды ойындар: «*Кім қалай айқайлайды?*»

Мақсаты: Дауыстарын жаттықтыру

3. Жеке жұмыс. 2-3 баладан жаңбырдың дыбысын сұрау. «Тук-тук-тук»

Мақсаты: Дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру.

4. Еңбек. Телімдегі ағаш сынықтарын, қағаз қалдығын, әйнек т.б. заттарды жинау.

Мақсаты: Тазалыққа баулу.

1. Көркем сөз. Көктем күні керемет

Жаңбыр жауар себелеп

Күн ашылса болғаны

Көлбеңдейді көбелек.

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.

Серуен №20

1. Бақылау. Күнді бақылау.

Мақсаты: Күннің сәуле шашуын, жер бетін жылытуын бақылату.

1. Қимылды ойындар: *«Күн мен жаңбыр»*,
«Кім түртті?».

Мақсаты: Аңғарымпаздылыққа, ептілікке баулу.

1. Жеке жұмыс. Кубиктердің үстінен бір бағытта секіріп өту.

Мақсаты: Ептілікке баулу.

1. Еңбек. Еріген суға жол ашу.

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.

5. Көркем сөз. Күн шыққанда

Май берейін, құрт берейін,

Күннің көзі шық, шық.

Алақай, алақай,

Күн шықты, күн шықты,

Жер үстіне нұр шықты.

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.

Серуен №21

1. Бақылау. Көгершіндер мен торғайларды бақылау.
Мақсаты: Ауладағы ұшып жүрген көгершін мен торғайды салыстырып, құстар жайлы әңгімелеу.

2. Қимылды ойындар: *«Мысық пен тышқан»*
«Ормандағы аюлар»

Мақсаты: Шапшаңдылыққа баулу.

1. Жеке жұмыс. Алақанмен допты жерге ұрып жаттықтыру.

Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамыту.

1. Еңбек. Гүлзарлардағы гүлдерді отырғызу.

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.

5. Көркем сөз. Көгершін

Көк көгершін, көгершін,

Көгеошін келер жем үшін.

Балалар жем себелік,

Жем жесін де семірсін.

Мақсаты: Шығармашылығын байыту.

Серуен №22

1. Бақылау. Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау.

2. Қимылды ойындар: *«Масаны ұстап ал»*
«Үйсіз қоян»

3. Жеке жұмыс. Жәндіктер туралы жұмбақтар шешу.

4. Еңбек. Жәндіктерге нан қиқымын беру.

5. Көркем сөз. Құмырсқа батыр,
Қимылдап жатыр.
Алды да ырғап,
Көтерді «бір қап»
Құмырсқа қыстан,
Шығады жырғап.
Жалқауға күллі-
Құмырсқа үлгі.

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.